

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

**Ауылдағы «Стартап»: өз кәсібінді ашу үшін ақша алудың тиімді жолы қандай?**



2017 жылдың сәуірінде қазақстандықтар үшін ауылдық жерде өз бизнесін ашу үшін үлкен мүмкіндіктер туындайды. Кәсіпкерлер «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының» (Бағдарлама) арқасында жылдық мөлшерлемесі не бары 6 пайыз болатын 18 миллион теңгеге дейін кредит ала алады.

2017 жылы Бағдарлама аясында ауылдық елді мекендер мен шағын қалалардағы кәсіпкерлік қызметті микрокредиттеуге 27 млрд теңгеден аса қаржыны бөлу жоспарланған. Бағдарлама операторлары – «ҚазАгро» холдингінің еншілес ұйымдары «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (Корпорация) және «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ. Корпорация арқылы 11,1 млрд теңге мөлшеріндегі қаражат игерілетін болады.

Өз кәсібін ашуға ниеттенген кез келген ауыл тұрғыны тұрғылықты орны бойынша орналасқан микроқаржы ұйымы (МҚҰ) мен кредиттік серіктестіктен (КС) кредит алуға мүмкіндігі бар. Бұл қаржы институттарын Корпорация қорландыратын болады.

Бағдарлама негізінен – жұмыссыздар, өздігінен жұмыспен қамтылған тұлғалар, ауыл шаруашылығы кооперативтері және олардың мүшелері, сондай-ақ

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бағытталған. Бұл ретте өтінімдерді қарастыру барысында басымдық кооперативтерге беріледі.

Кредиттеу мерзімі – 7 жылға дейін. МҚҰ мен КС Корпорациядан жылдық мөлшерлемесі 2 пайыздық қарыз ала алады. Ал соңғы қарыз алушы үшін жылдық тиімді мөлшерлеме 6 пайыздан аспайды.

Бағдарламаның ерекше шарты – жобалардың 20% ауылдағы стартаптарды құрауы тиіс, 20% – ауылдық жердегі ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнес жобалары болуы міндетті.

Егер кәсіпкердің кепілге ұсынылатын мүлкі жеткіліксіз жағдайда, оған Бағдарлама шарттарына сәйкес ауылдық жерде мемлекет атынан кепілдік беруші болатын «ҚазАгроКепіл» АҚ кепілгер бола алады.

Еске сала кетсек, өткен жылдың желтоқсан айының соңында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын» бекіткен еді. Бағдарлама Қазақстан қалаларында, сондай-ақ ауылдық жерде кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасайды. Бұл ретте ауыл бизнесіне ерекше басымдық беріледі.

**«АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ**